

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығаруының 35-жылдығына орай Қобда ауданының мұқтаж азаматтарының санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2024 жылғы 2 ақпандағы № 160 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 ақпанда № 8491 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 175 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 04.04.2024 № 175 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығаруының 35-жылдығына (15 ақпан 2024 жыл) орай Қобда ауданында тіркелген және тұрақты тұратын келесі санаттағы азаматтарға 50 (елу) мың теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;

2) Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

3) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі -КСР Одағы) аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;

4) Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертліккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

5) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде жаралануы, басқа кезеңдерде әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда әскери қызметін өткеру кезінде алған жаралануы, контузиясы, мертігуі салдарынан мүгедектігі белгіленген әскери қызметшілер;

6) Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

7) 1979 жылғы 1 желтоқсан – 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.

2. Әлеуметтік көмек "Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен алушылардан өтініштер талап етілмей "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының тізімдеріне сәйкес көрсетіледі.

3. Қобда ауданының жергілікті бюджеті қаржыландыру көзі болып анықталсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қобда аудандық
мәслихатының төрағасы*

Ж. Ергалиев